

Мекеме басшыларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі «Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының 2024 жыл 15 қазандағы №01-1/181 хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша /3 бет/ тіркеледі.

/ Басшы

М.Сванов

Орындаған: А.Кариева

№01-1/181

15 қазан 2024 жыл

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымы 2023 жылдан бері білім саласында түрлі шаралар, жобалар ұйымдастырып келеді. Ұйымның жұмыс жоспары бойынша әр оқу жылы бойынша белсенді әрі үздік деп танылған жастарға ынталандыру сыйлықтары, шәкіртақылар тағайындау көзделген. Өткен 2023-2024 оқу жылы бойынша жылдың үздік оқушылары анықталып, оның ішінде жан-жақтылығымен, белсенділігімен көзге түскен үш оқушыға ұйым атынан жалпы сомасы 100 мың теңгелік шәкіртақы тағайындалды. Бұл оқушылар ағымдағы оқу жылының соңына дейін әр ай сайын 10 мың теңгелік шәкіртақы алып отырады. Нақтырақ айтар болсақ:

1. Абай облысы, Ақсуат ауданы, М.Әуезов атындағы Көкжыра орта мектебінен Майдан Нұрболат Ерболатұлына;
2. Тараз қаласы, №7 мектеп-гимназиясынан Бережной Григорий Станиславовичке;
3. Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгер қаласы №7 ІТ мектеп-лицейінен Әлібек Нұрасылға шәкіртақы белгіленді.

Осылайша, республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымы ретінде жас жеткіншектерге қолдау білдірудеміз, әрі мотивация сыйлаудамыз. Ағымдағы оқу жылы бойынша да ұйымымыз атынан ұйымдастырылып жатқан шараларға белсенді қатысқан балалар мен жасөспірімдерге, жастарға қаржылай әрі заттай сыйлықтар беру жоспарланды. Үздіктер оқу жылының соңында, мамыр-маусым айларында анықталатын болады.

Осы орайда, **2024 жылғы 20 қазан – 1 желтоқсан аралығында** ұйымымыз атынан қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы бойынша балабақша тәрбиеленушілері, мектепалды даярлық сыныптары және мектеп оқушылары арасында Республикалық «**Мұқағали Мақатаев оқулары**» атты онлайн өнер байқауы өтетіндігін хабарлаймыз.

Осыған байланысты, Сізден, өзіңіз басқарып отырған өңірдегі жеке және мемлекеттік білім беру ұйымдарының байқаудың өтетіндігі туралы ақпаратпен таныс болуына ықпал етуіңізді сұраймыз. Байқауға балабақша тәрбиеленушілері, мектеп оқушылары қатыса алады.

Қосымша: байқау ережесі 2 бет.

Ұйым директоры



Л. Төребекқызы

24. 10. 2024 ж.

809-2024-05697313

«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымы

**«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының
ұйымдастыруымен өткізілетін республикалық «Мұқағали Мақатаев оқулары» атты
онлайн өнер байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Байқауды ұйымдастырушы: «Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымы

Байқауға қатысу үшін жұмыстар онлайн түрде **2024 жылғы 20 қазан – 1 желтоқсан** аралығында қабылданады.

Байқау қорытындысы 10 желтоқсан күні жолданады.

Байқаудың өткізілу мақсаты: балалар мен жасөспірімдер арасында М.Мақатаевтың шығармашылығын насихаттау; олардың шығармашылық қабілеттерін, әдеби-эстетикалық талғамдарын, табиғи дарындарын шыңдау; көркем сөзге, өнерге деген құштарлығын арттыру; жас дарындарға қолдау көрсету, танымдарын кеңейтіп, өмірлік көзқарастарын қалыптастыру.

Байқауға:

- балабақша тәрбиеленушілері;
- мектепалды даярлық сыныптары оқушылары;
- 1-11 сынып оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу шарттары

- Байқауға қатысу *ерікті түрде* жүргізіледі.
- Байқауға төмендегі үш номинацияның бірін тандап қатысуға болады:
 - 1) «*Жырла, жүрек!*» номинациясы бойынша қатысушылар ақынның бір өлеңін немесе үзіндісін жатқа айтуы керек. Балабақша тәрбиеленушілері, МАД және бастауыш сыныптар үшін 1-2 шумақ, 5-7 сынып оқушылары 3-4 шумақ; 8-11 сынып оқушылары 4 шумақтан жоғары өлең жаттаулары қажет.
 - 2) «*Мұқағали ізімен...*» номинациясы бойынша мектеп оқушылары арасындағы жас ақындар М.Мақатаевқа арналған өздерінің жүрекжарды арнауларын оқиды.
 - 3) «*Қылқалам шебері*» номинациясы бойынша М.Мақатаев шығармашылығы бойынша салынған суреттерін жолдайды.
- **Бір қатысушы бір жұмыс қана жолдай алады.**
- Байқауға қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жұмыс жіберуге болады (аудармаларын жаттауға болады).
- Қатысушылар жаттаған өлеңдерін және оқыған арнауларын видеоға, салған суреттерін фотоға түсіріп ереженің соңында көрсетілген сілтеме бойынша жолдайды. Видеода қатысушылар міндетті түрде өздерін таныстырулары қажет, салынған суретте қатысушының аты-жөні жазылған болуы қажет.

- Жұмыс жіберу барысында қатысушылардың және жетекшілердің аты-жөндері қатесіз әрі толық жазылуы қажет, қате ақпарат берілген жағдайда ұйымдастырушыға жауапкершілік жүктелмейді.

- Жіберілген жұмыстар әділқазы алқасы мүшелері тарапынан тексеріліп, I, II, III дәрежелі жүлделі орындармен марапатталады. Жұмыстар қатысушылардың жалпы дайындығына, жаттауына, мәнеріне қарай бағаланады. Қатысушы дайындаған жетекшілерге алғыс хат беріледі. 5 оқушыдан дайындаған жетекшілер арнайы құрмет грамотасымен марапатталады. Дипломдар, алғыс хаттар және құрмет грамоталары қатысушы мәліметінде көрсетілген электронды почталарға сілтеме түрінде жолданады, қатысушылар сілтемеден марапаттарын жүктеп алады.

- Байқауға 20 және одан көп бала дайындап қатыстырған жетекшілерге ұйым атынан «Жаңашыл ұстаз» төсбелгісі беріледі.

- Байқауға қатысу жарнасы 800 (сегіз жүз) теңге.

Байқауға жұмыс жіберу үшін сілтеме:
<https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSc4CQwvFBKws3BmRjOplhuYh-klRPEi5VL5vYuZ-3BUMwClw/viewform?usp=sharing>

***Байқауға қатысушылар арасында белсенділік үшін жинақтау бонусы:**


Әрбір қатысушы жыл соңында белсенділік үшін берілетін жүлдеге ие бола алады. Жалпы жүлде қоры 1 000 000 теңге (Apple iPad, Apple iPhone, шетелге демалыс сертификаттары немесе ақшалай жүлделер).

Жүлде жыл бойынша ұйым атынан ұйымдастырылған шараларға, жобаларға қатысып ең белсенді болған, ең жоғары ұпай жинаған қатысушылар арасында үлестіріледі. Ай сайын ұпай саны көрсетілген рейтингті телеграм каналымызда жариялап отырамыз. Бұл әр қатысушыны шығармашылық тұрғыда шыңдап қана қоймай, жеңіске мотивация сыйлайды деп үміттенеміз.

***Төлем жасау сілтемесін және жұмыс жіберу сілтемесін алу үшін 87056954966 номеріне WhatsApp арқылы жазу керек.**

Барлық сұрақтар бойынша 87056954966 номері WhatsApp желісі арқылы жауап береді.

Ұйым директоры



Л. Төребекқызы